



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 29 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 3 ш і л д е**

Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін өзгерту туралы

Инфляциялық қысымды сақтау жағдайында ақша-кредит саясатын қатаңдату мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдеде өткен отырысында ең төменгі резервтік талаптардың (ЕРТ) нормативтерін өзгерту туралы шешім қабылданды. Ішкі міндеттемелер бойынша ЕРТ нормативі 5% деңгейінде, резидент еместер алдындағы міндеттемелер мен резиденттік белгісіне қарамастан бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер жататын өзге міндеттемелер бойынша 10% деңгейінде белгіленді. ЕРТ бұрынғы нормативтері 6% және 8% болатын.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ЕРТ жаңа нормативтері қаулы қабылданған күннен бастап кемінде бір айдан кейін күшіне енеді. Басқарма оларды қолданысқа 2007 жылғы 29 тамыздан бастап енгізу туралы шешім қабылдады.